

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 тамызда № 7876 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 13.07.2021 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының 5-бабының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 13.07.2021 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Мыналардың:

1) "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 527 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 24 қарашада № 6653 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 6-7 (26409) жарияланған);

2) "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды өзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 527 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 қыркүектегі № 398 бұйрығының ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 6 қазанда № 7242 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 19 қазандағы № 503-504 (26896) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 24 шілдедегі  
№ 344 бұйрығымен бекітілді

**Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалар**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 24.09.2024 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 67) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өзірленді және орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару тәртібін айқындауды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

1) авторлық ұжым – әзірлеуші және (немесе) баспа қалыптастыратын ғалымдар мен педагогтер қатарындағы жеке тұлғалар тобы;

2) әзірлеуші – оқулықты, оқу-әдістемелік кешенді және оқу құралын, оның ішінде электрондық нысанда дайындау және басып шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

3) базалық оқулық – бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда пайдалану үшін міндettі, білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайтын пән бойынша бірыңғай тұжырымдамасы бар оқулық;

4) баспа – оқулықты, оқу-әдістемелік кешенді және оқу-әдістемелік құралды, оның ішінде электрондық нысанда дайындауды және басып шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім беруге арналған оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) – әдістемелік нұсқаулық, жазу дәптері, жұмыс дәптері, сөздік, әліппе серігі, хрестоматия, диктаннтар жинағы, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, картографиялық атлас нысанында оқулықты сүйемелдейтін және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМБС), ұлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27415 болып тіркелген) Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес оқу және әдістемелік басылымдар;

6) жаңадан әзірленген оқулық және (немесе) ОӘК – жаңартылған ұлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген оқу басылымы;

7) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

8) көрсетілетін қызметті беруші – білім беру контентін сараптауды жүзеге асыратын "Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнының сараптау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

9) қайта басылған оқулық пен ОӘК – өзгертулермен немесе өзгертулерсіз жаңадан шығарылған оқу басылымы;

10) мектепке дейінгі білім беруге арналған оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – МБ ОӘК) – МЖМБС, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Талаптарға сәйкес келетін және ұйымдастырылған қызмет ескеріліп, құрамына жұмыс дәптері, демонстрациялық, үлестірме, аудио және бейне материалдар, хрестоматия, дидактикалық ойындар мен альбомдар кіретін оқу және әдістемелік басылымдар жиынтығы;

11) оқулық – МЖМБС-на, үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына, Талаптарға сәйкес нақты оқу пәні бойынша білім мазмұнын аштын қағаз оқу кітабы;

12) оқу басылымының авторы – шығармашылық еңбегімен оқулық, оқу-әдістемелік кешен және оқу құралын, оның ішінде электрондық нысанда жасаған жеке тұлға;

13) оқу қуралы – МЖМБС мен білім беру деңгейлерінің оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес келетін оқулықты толықтыратын немесе ішінара (толық) алмастыратын оқу басылымы;

14) Оқулықтар мен ОӘК сараптау мен сынақтан өткізуіндегі тақырыптық жоспары – республикалық бюджет қаражаты есебінен сараптама жүргізуге және сынақтан өткізуге жататын орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда баспа парақтар мен минуттардағы тізбесі (бұдан әрі – Тақырыптық жоспар);

15) оқулықтар мен ОӘК сапасына мониторинг жүргізу – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрүғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы білім беру ұйымдарында пайдаланылатын оқулықтар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген оқулықтар құрылымының, мазмұнының сапасын қадағалау, талдау, бағалау, оның нәтижелері бойынша өндеу, қайта басып шығару немесе Тізбеден алып тастау жөнінде шешім қабылданады;

16) оқулықтарды және ОӘК-ні сынақтан өткізу –әзірленген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына енгізілген жаңалықтарды пайдалану практикасын кешенді зерделеу;

17) оқулық, ОӘК мен МБ ОӘК-нің түпнұсқа-макеті – сыртқы полиграфиялық элементтері мен құрылымы бойынша аяқталған, әрбір беті болашақ басылымының тиісті беттерімен толық сәйкес келетін оқулықтың иесіздендірілген түпнұсқасы;

18) оқулықтың электрондық нұсқасы – құрылымы, мазмұны және көркем безендірілуі қағаз түпнұсқамен бірдей оқулықтың цифрлық көшірмесі;

19) пән бойынша жауапты сарапшы – тиісті біліктілігі бар, оқыту курсары мен сертификаттаудан өткен, оқулықтар, ОӘК мен оқу құралына, оның ішінде электрондық нысанда ғылыми-педагогикалық сараптаманы ұйымдастыруға, өткізуге және сапасына жауапты көрсетілетін қызметті беруші қызметкер;

20) пәндік сараптау комиссиясы – мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта білім беру үйымдарында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда іріктеу үшін көрсетілетін қызметті беруші қалыптастыратын орган;

21) сарапшылар базасы – қорытынды бағалау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің оқыту курсарынан өткен, жаңартылатын және бекітілетін ғалымдар мен педагогтердің деректер базасы;

22) сараптамалық топ – көрсетілетін қызметті берушінің сарапшылар базасына енгізілген, ғылыми-педагогикалық сараптамаға ғалымдар мен педагогтер қатарынан тартылатын сарапшылар тобы;

23) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындастын мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ, электронды нысанда қызметтерді алу және көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалармен іс-қимыл жасауда электронды құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының нысаны;

24) электрондық оқулық (бұдан әрі – ЭО) – МЖМБС, білім берудің белгілі бір деңгейінің ұлгілік оқу бағдарламасына және Талаптарға сәйкес әзірленген қағаз оқулықты алмастыратын және мультимедиалық, интерактивті контент пен функциялары бар, нақты оқу пәнінің мазмұнын жүйелі және дәйекті түрде баяндайтын ақпараттандыру объektісіндегі бағдарламалық өнім;

25) электрондық оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ЭОӘК) – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, білім берудің белгілі бір деңгейінің ұлгілік оқу бағдарламасына және Талаптарға сәйкес әзірленген МБ ОӘК және (немесе) ОӘК-ні алмастыратын және мультимедиалық, интерактивті контент пен функциялары бар, үйымдастырылған қызмет пен оқу пәнінің мазмұнын жүйелі және дәйекті түрде баяндайтын ақпараттандыру объektісіндегі бағдарламалық өнім;

26) электрондық оқу құралы (бұдан әрі – ЭОҚ) – ақпараттандыру объektісінде орналастырылған, МЖМБС талаптарына, тиісті білім беру деңгейінің ұлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін интерактивті мультимедиалық оқыту бағдарламалары, бейненефильмдер, тренажерлер, виртуалды зертханалық жұмыстар, бақылау және бағалау материалдары нысанындағы цифрлық білім беру ресурстарының түрі.

**2-тaraу. Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдар, орта білім беру үйымдарына арналған ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда әзірлеу тәртібі**

3. МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда дайындаін білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша көрсетілетін қызметті беруші қалыптастыратын және бекітетін тақырыптық жоспар негіз болады.

4. Оқулықты және ЭО-ны дайындауды өзірлеуші немесе баспа оқулықтарды және ЭО-ны өзірлеу мәселелері бойынша оқыту курсарынан өткен авторлық ұжымды қалыптастыру жолымен ұйымдастырады.

МБ ОӘК, ОӘК, оқу құралын, оның ішінде электрондық нысанда дайындауды оқу баслымының авторы және (немесе) авторлық ұжым жүзеге асырады.

##### 5. МБ ОӘК құрамын өзірлеуші айқындайды.

1 жастан 4 жасқа дейінгі жас санаттары үшін ұйымдастырылған қызмет бойынша МБ ОӘК бірынғай оқу басылымы ретінде өзірленеді және сараптамаға ұсынылады.

6. Баспа және (немесе) өзірлеуші МЖБС, үлгілік оқу бағдарламаларына, Талаптарға, "Оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚРДСМ -124 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25657 болып тіркелген) (бұдан әрі – гигиеналық нормативтер) оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтеріне сәйкес МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы мазмұны мен ресімделуінің сапасын қамтамасыз етеді.

7. Баспа пәндерді оқыту бағыттары бойынша (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық және мәдениеттану) баспаішілік сараптаманың сарапшылар лауазымының штаттық кестесіне енгізу және кемінде екі сыртқы сарапшыны (тиісті саладағы ғалым және "зерттеуші педагогтен" немесе бірінші санаттан төмен емес біліктілік санаты бар педагог) тарта отырып, иесіздендірілген рецензиялау жолымен оқулықтар мен ОӘК-ге баспаішілік сараптаманы жүргізеді.

Баспа осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқулықтар мен ОӘК-нің баспаішілік сараптамасының қорытындысын дайындайды.

8. Өзірлеуші кемінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) бейіндік кафедраларына ғылыми мазмұны мен әдістемелік құрамдас бөлігіне ұжымдық рецензиялау жолымен оқулықтар мен ОӘК-ге, оның ішінде электрондық нысанда тәуелсіз бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Әзірлеуші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысанда тәуелсіз бағалау қорытындысын дайындайды.

9. Оқулықтар, ОӘК, оқу құралдар, оның ішінде электрондық нысанда фактологиялық, статистикалық, ақпараттық деректер мен әдістемелік тәсілдер мерзімді жаңарту қажеттілігіне байланысты өндөледі.

**3-тaraу. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда сараптама жүргізу тәртібі**

10. Орта білім беру үйымдары үшін оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдар, орта білім беру үйымдары үшін ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда сараптау мыналарды қамтиды:

1) МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ге, оның ішінде электрондық нысанда сараптама жүргізуді жоспарлау;

2) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқу басылымдарының авторлары мен авторлық ұжымына сараптамалық қорытынды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі;

3) сараптама жүргізудің және пәндік сараптау комиссиясы жұмысының тәртібі мен шарттары.

#### **1-параграф. МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ге, оның ішінде электрондық нысанда сараптама жүргізуді жоспарлау**

11. Баспа, әзірлеуші жыл сайын 5 қаңтардан 15 наурызға дейін көрсетілетін қызметті берушіге МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысанда оқу процесіне енгізгенге дейін 2 жылдан кешіктірмей Тақырыптық жоспарға енгізуге болжамды өтінімді ұсынады.

Баспадан, әзірлеушіден Тақырыптық жоспарға бір сыныпқа арналған пән бойынша оқулық пен ОӘК-нің, оның ішінде электрондық нысанда бір аталым енгізіледі.

Болжамды өтініштің көлемі жоспардан артқан жағдайда Тақырыптық жоспарға көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштерінің жалпы көлемінен МБ ОӘК-нің, оқулықтардың, ОӘК-нің, оның ішінде электрондық нысанда тең үлестері енгізіледі.

12. Тақырыптық жоспар МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ге, оның ішінде электрондық нысандағыға сараптама жүргізу кестесіне сәйкес құрылады.

Сараптама жүргізу кестесі орта білім беру үйымдары үшін әрбір 5 (бес) жыл, арнайы білім беру үйымдары үшін 6 (алты) жыл сайын Тізбенің жаңартылуын қамтамасыз етеді. Талдау қорытындысы бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда әзірлеу және қайта басып шығару мерзімдерін өзгертеді.

13. Келесі қаржы жылына арналған Тақырыптық жоспарды көрсетілетін қызметті беруші білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ағымдағы жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде бекітеді.

14. Көрсетілетін қызметті беруші бекітілген Тақырыптық жоспардан үзінді көшірмені оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде баспаға немесе әзірлеушіге жібереді.

15. Тақырыптық жоспарға республикалық бюджеттен көзделген қаражат шенберінде толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

**2-параграф. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқу басылымдарының авторлары мен авторлық ұжымына сараптамалық қорытынды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

16. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

17. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін әзірлеуші және (немесе) баспа көрсетілетін қызметті берушіге "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бекітілген "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу басылымдарына авторлар мен авторлық ұжымға сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 4-қосымшасының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды (бұдан әрі-Тізбе) жолдайды:

1) мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген;

2) сараптамаға жіберілетін МБ ОӘК, оқулық, ОӘК мен оқу құралдарының, оның ішінде электрондық нысандағы көлемін (баспа парақтарымен және минуттарымен) баспа басшысы немесе әзірлеуші растайды;

3) мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға жүгінген кезде өтініш берушіден қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), өтініш беру күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарды беру күні көрсетілетін тиісті құжаттарды қабылдау туралы электрондық қолхат береді, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі;

4) жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы

ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

18. Тізбеде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

19. Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасымен бірге қалыптастырылған өтінішті, оның ішінде МБ ОӘК-нің, оқулықтардың, ОӘК-нің, оқу құралдарының түпнұсқа-макеттерін көрсетілетін қызметті берушіге курьер немесе пошта байланысы арқылы жібереді жеткізеді.

20. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді келіп түсken күні жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды 4-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген тізбеке сәйкестігін, оның ішінде келіп түсken атаулардың, олардың баспа беті және минуттағы көлемінің баспа басшысының хатында көрсетілген деректерге сәйкестігін тексереді. Сараптамасы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіletіn МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда Тақырыптық жоспарға сәйкестігі бойынша тексеріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негізі анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны, тәсілі туралы хабардар етеді.

Тыңдау хабарлама жіберілген күnnен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Хабарлама (хабархат) тапсырыс хаттың табыс етілгендейтін туралы хабарламамен тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе телеграммамен, "электрондық үкіметтің" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабар жөнелте отырып, "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдалануышының кабинетіне, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабармен немесе электрондық мекенжай бойынша не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушы 2 жұмыс күні ішінде жіберілген құжаттар топтамасын толықтырады.

Тыңдау өткізілгеннен кейін 2 жұмыс күні өткен соң көрсетілетін қызметті беруші МБ ОӘК, оқулықты, ОӘК, оқу құралын, оның ішінде электрондық нысанда

сараптамаға қабылдағаны туралы хабарлама береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

21. Жаңадан әзірленген оқулықтар мен ОӘК-ні сараптамаға қабылдау ағымдағы жылғы 30 шілдеге дейін, МБ ОӘК, ЭО, ЭОӘК, қайта басып шығарылатын оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы үшін ағымдағы жылғы 31 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.

Оқу құралдарды, ЭОҚ-ны сараптамаға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

22. МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысанда сараптамаға қабылдау мерзімдері, сараптама мен сынақтан өткізу тәртібі мен мерзімдері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда өзгереді.

23. МБ ОӘК-ге, оқулықтарға, ОӘК-ге, оқу құралдарына, оның ішінде электрондық нысанда сараптаманы көрсетілетін қызметті беруші қалыптастырытын сараптамалық топ 50 (елу) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді.

24. Көрсетілетін қызметті беруші МБ ОӘК-ге, оқулықтарға, ОӘК-ге, оқу құралдарына, оның ішінде электрондық нысандағыға берілген сараптама қорытындылары бойынша сараптамалық шешімдердің негізінде осы Қағидаларға бі-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу басылымдарына мынадай сараптамалық қорытындылардың бірін шығарады:

1) сынақтан өткізу алдындағы ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Сынаққа жіберіледі";

"Сынаққа жіберілмейді";

"Сынаққа дейін өндеуді талап етеді";

2) "Сынаққа дейін өндеуді талап етеді" деген сараптамалық қорытынды алған оқу басылымдарына өндеуден кейінгі сараптама қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Сынаққа жіберіледі";

"Сынаққа жіберілмейді";

3) сынақтан кейінгі ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылады";

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылмайды";

4) ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша (қайта басып шығарылатын оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы үшін) көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылады";

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылмайды";

5) ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша МТО ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы үшін көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылады";

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылмайды";

"Өндеуді талап етеді";

6) "Өндеуді талап етеді" сараптамалық қорытындысын алған МТО ОӘК-ге жүргізілген ғылыми-педагогикалық сараптама қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Пәндік сараптау комиссиясының қарауына ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды";

7) оқу және оқу-әдістемелік құралдарға, ЭОҚ-ға жүргізілген ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды";

"Өндеуді талап етеді";

8) "Өндеуді талап етеді" сараптамалық қорытындысын алған оқу және оқу-әдістемелік құралдарына, ЭОҚ-ға жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды";

9) техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білім беруге арналған оқу басылымдарына, оның ішінде электрондық нысанда жүргізілген ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды";

"Өндеуді талап етеді";

10) "Өндеуді талап етеді" сараптамалық қорытындысын алған техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білім беруге арналған оқу басылымдарына, оның ішінде электрондық нысанда жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушыға мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі беріледі:

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды".

25. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тарту себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінде аяқталуына дейін кемінде бір тәуліктен кешіктірмей жүзеге асырады.

27. Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

28. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

29. Көрсетілетін қызметті алушының өтінішінің болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай мерзім ішінде Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы берілген мерзім өткеннен кейін талап етілмеген құжат ретінде көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады.

30. "Өндеуді талап етеді" сараптамалық қорытындысын алған көрсетілетін қызметті алушы МБ ОӘК-ні, оқулықтарды, ЭО-ны, ОӘК-ні, ЭОӘК-ні, оқу құралдарын, ЭОҚ-ны сараптамалық қорытындыны алған күннен бастап оларды күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде өндейді және қорытынды сараптама үшін сарапшылардың ескертулері бойынша атқарылған жұмыстар жөніндегі түсіндірме хатпен бірге Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

31. "Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды" сараптамалық қорытындысын алған оқу басылымы ағымдағы жылы қайта сараптамаға қабылданбайды. Келесі екі жыл ішінде осы оқу басылымына сараптама көрсетілетін қызметті алушының есебінен жүргізіледі.

32. Сараптамаға ұсынылған оқулықтың, ОӘК және оқу құралдарының түпнұсқа-макеті әзірлеушіге және (немесе) баспаға қайтарылмайды.

### **3-параграф. Сараптама жүргізуіндің және пәндік сараптау комиссиясы жұмысының тәртібі мен шарттары**

33. Сараптама келесі кезеңдерді қамтиды:

1) алғаш әзірленген оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы үшін :

ғылыми-педагогикалық сараптама (сынаққа дейінгі және сынадан кейінгі);  
орта білім беру ұйымдарында сынада өткізу;

пәндік сараптау комиссиясында қарau;

2) МБ ОӘК, қайта басып шығарылатын оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы үшін:

ғылыми-педагогикалық сараптама;

пәндік сараптау комиссиясында қарau;

3) оқу құралдар, ЭОҚ, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білім беруге арналған оқулықтар, оның ішінде электрондық нысандағы үшін:

ғылыми-педагогикалық сараптама.

34. Көрсетілетін қызметті беруші Ғылыми кеңесінің шешімімен сараптаманың критерийлерін әзірлейді және бекітеді.

35. Көрсетілетін қызметті беруші сараптама жүргізу үшін МБ ОӘК-ге, оқулықтарға, ОӘК-ге, оқу құралдарына, оның ішінде электрондық нысанда сәйкестендіру кодын береді және оны баспа мен оқу басылымының авторын көрсетпей сарапшыларға жібереді.

36. Ғылыми-педагогикалық сараптама МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-нің, оның ішінде электрондық нысандағы мазмұнының МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу бағдарламаларына, Талаптарға сәйкестігін бағалау, сондай-ақ оқу құралдары мазмұнының МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін бағалайды.

ЭО, ЭОӘК, ЭОҚ үшін электрондық функциялар мен функционалдық-техникалық сипаттамалардың педагогикалық қолданылуын тексеру бойынша қосымша функционалдық-технологиялық сараптама жүргізіледі.

37. МБ ОӘК-нің, оқулықтың және ОӘК-нің, оның ішінде электрондық нысанда нақты көлемінің Тақырыптық жоспарда көрсетілгеннен 5%-ға дейін ауытқуына жол беріледі.

Тақырыптық жоспарға енгізілмеген МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ге, оның ішінде электрондық нысандағыға, сондай-ақ оқу құралдарына, ЭОҚ-на сараптама азаматтық заңнамаға сәйкес екіжақты шарт негізінде баспаның немесе әзірлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

38. Сараптама азаматтық заңнамаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мен сарапшы арасында жасалған шарт негізінде құпиялыштық режимінің сақталуы үшін жауапкершілікті қамтитын шарт негізінде жүзеге асырылады.

39. Сараптамалық топтың құрамына сараптаманың пәні болып табылатын оқу басылымдарының авторларын, оқу басылымының авторларымен бір үйімда жұмыс істейтін, оқу басылымы авторларының ғылыми жетекшілері, оқу басылымының авторларымен бір ғылыми жобаның басшылары немесе бірлесіп орындаушылары болып табылатын адамдарды қоспағанда, мыналар кіреді:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейі бойынша – ғалым және мектепке дейінгі ұйымның және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алды сыныптарының бірінші немесе жоғары біліктілік санаты, "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогі;

2) орта білім деңгейі бойынша – ғалым және орта білім беру ұйымының бірінші немесе жоғары біліктілік санаты, "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар кемінде екі педагогі;

3) техникалық және кәсіптік білім беру деңгейі бойынша – ғалым, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының бірінші немесе жоғары біліктілік санаты, "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар оқытушысы (өндірістік оқыту шеберлері) және (немесе) өндіріс, кәсіпорындар мен ғылыми ұйымдардың өкілі;

4) ЭО, ЭОӘК мен ЭОҚ-ға функционалдық-технологиялық сараптама жүргізу үшін – көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы маманы;

5) аударма ретінде белгіленген оқу басылымын сараптау үшін лингвист (аудармашы) қосымша тартылады.

Сараптамалық топ ұйымдастырылған қызмет және оқу пәндері бойынша құрылады. Сараптамалық топты тиісті білім саласындағы мамандандырылған ғалым басқарады.

Сараптамалық топтың сараптама шешімінің нысанын көрсетілетін қызметті берушінің ғылыми кенесі бекітеді.

Сараптамалық топтың сараптама шешімі қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде сараптамалық топ басшысының дауысы шешуші болып табылады.

40. Пән бойынша жауапты сарапшы сараптамаға келіп түскен МБ ОӘК-нің, оқулықтардың, ОӘК, оқу құралдарының, оның ішінде электрондық нысандағы мазмұнына талдау жүргізеді, сараптамалардан кейінгі сараптамалық шешімдерді қарайды, сарапшылардың ескертулері бойынша оқу басылымдары авторларының негіздемесімен жауаптарды қарайды, оқулықтардың сапасы бойынша сараптаманың объективтілігін бағалайды және талдау материалын дайындаиды.

41. Тізбеке енгізілетін МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы тізімін қалыптастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші пәндер, қызмет түрлері және оқыту тілдері бойынша пәндік сараптау комиссиясын құрады және бекітеді.

42. Пәндік сараптау комиссиясының құрамы сарапшылар базасына кірген, оқыту курстарынан өткен ғалымдар мен педагогтерден қалыптастырылады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейіне арналған ОӘК сараптамасы үшін ғалымдар, әдіскерлер және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жоғары

біліктілік санаты, "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар тәрбиешілері;

2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы сараптамасы үшін-бейіні бойынша ғалымдар, жоғары біліктілік санаты, "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар, "Жоғары оқу орнының ұздік оқытушысы" және "Ұздік педагог" республикалық конкурстарының жеңімпаздары, ведомстволық және мемлекеттік наградалардың, "Қазақстан Мұғалімі" ұлттық сыйлығының иегерлері болып табылатын орта білім беру педагогтері кіреді.

Пәндік сараптау комиссиясының құрамына іріктеу құпиялышы қ режимін сақтай отырып жүзеге асырылады.

Пәндік сараптау комиссиясының әрбір отырысына жаңа құрам бекітіледі. Ағымдағы жылы бір пәндік сараптау комиссиясының жұмысына бір сарапшы тартылады.

43. Пәндік сараптау комиссиясының мүшелерінің жұмысы қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен көрсетілетін қызметті беруші мен пәндік сараптамалық комиссия мүшесі арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

44. Көрсетілетін қызметті беруші пәндік сараптау комиссиясының мүшелеріне МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысанды әзірлеушіні, баспаны және оқу басылымының авторын көрсетпей береді.

45. Пәндік сараптау комиссиясы білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша 10-14 күнтізбелік күн ішінде отырыс өткізеді. Егер отырысқа пәндік сараптау комиссиясы мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, ол занды болып табылады.

46. Пәндік сараптау комиссиясы:

1) сараптама бойынша қорытындыларды зерделейді, талдайды;  
2) он сараптамалық қорытынды алған МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы сапасын талдайды;

3) МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК, базалық оқулықтарды, оның ішінде электрондық нысандағыны іріктеуді жүзеге асырады;

4) МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысандағыны Тізбеке енгізу туралы хаттамалық шешім негізінде мынадай сараптамалық қорытындының бірін шығарады:

"Тізбеке енгізіледі";  
"Тізбеке енгізілмейді";

"Тізбеке базалық оқулық және ОӘК ретінде енгізіледі";

5) МБ ОӘК, оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық нысанды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді.

47. Пәндік сараптау комиссиясының шешімі әрбір МБ ОӘК, оқулық пен ОӘК, оның ішінде электрондық нысандағы бойынша жеке қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

48. Көрсетілетін қызметті беруші пәндік сараптау комиссиясының шешімін алған МБ ОӘК-нің, оқулықтардың, ОӘК-нің, оның ішінде электрондық нысандағы тізімін хаттамалық шешіммен бірге Тізбеке енгізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның қарауына З жұмыс күні ішінде енгізеді.

49. Пәндік сараптау комиссиясының шешімі нақты болып табылады және қайта қаралмайды.

50. Тізбеке енгізу үшін МБ ОӘК, бірынғай базалық оқулықтар және орта білім берудің бір оқу пәні бойынша бестен аспайтын балама оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда ұсынылады.

#### **4-тарау. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар мен ОӘК сынақтан өткізу тәртібі**

51. Жаңадан әзірленген оқулықтар мен ОӘК-ні сынақтан өткізу білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша көрсетілетін қызметті беруші айқындастын тәртіппен білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

52. Сынақтан өткізуді ұйымдастыру үшін баспа және (немесе) әзірлеуші өз қаражаты есебінен көрсетілетін қызметті берушіге әзірлеушіні, баспаны және оқу басылымының авторын көрсетпей оқулықтар мен ОӘК-нің қажетті санын ұсынады.

53. Сынақ өткізумен бір мезгілде қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында оқулықтардың иесіздендірілген түпнұсқа-макеттеріне қоғамдық талқылау жүргізіледі.

